«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

04.04.2018 ж № 02-9/756

«Строй Альянс Сервис» ЖШС
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Арай ш/а, Құманғазы көшесі 51, тел 8(7292)609148.
stroyas2015@mail.ru

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)*, Сіздің «Баянды ауылы әкімінің аппараты» ММ-нің *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан №2235068-1 санды «Баянды ауылы, Баянды-2,3 елді мекен тазалығын қамтамасыз ету қызметтері» жөніндегі өткізілген мемлекеттік сатып алуына қатысты жазған 15.03.2018 жылы №6580 санды арызыңызға келесіні хабарлайды.

Аталған сатып алуға, мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталуы бойынша камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен заң бұзышылық деректерінің орын алғандығы белгілі болды.

«Строй Альянс Сервис» ЖШС-нің конкурстық өтінімі бойынша №14/17 от 18.01.2018 жылғы жалға алу келісім шартында қызмет құны көрсетілмеген және келісім шарттың тіркеу нөмері жоқ деген себептермен негізсіз жібермегені және техникалық ерекшелікпен конкурсқа қатысуға жібермеуге негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасы *(бұдан әрі - Қағида)* 150-тармағында аталған негіздермен конкурсқа қатысуға жібермеу көрсетілмеген.

Сонымен қатар, «Строй Альянс Сервис» ЖШС-нің техникалық ерекшелігі сәйкес келмейтіндігі яғни, конкурсты ұйымдастырушының техникалық ерекшелгін ұсынған.

Алайда, Қағиданың 150-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалатыны көзделген конкурстық құжаттама техникалық ерекшеліктің орнына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттаманы қамтыған жағдайларды қоспағанда, техникалық ерекшелікті ұсынбау ***әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін*** техникалық ерекшелікті ұсынған жағдайда конкурсқа қатысуға жібермейтіні нақты көрсетілген.

Нәтижесінде, «Строй Альянс Сервис» ЖШС-нің техникалық ерекшелігі сәйкес келмейтіндігі белгілі болды.

Департамент тарапынан камералдық бақылау нәтижесімен басқада заң бұзушылықтар анықталып, ұйымдастырушыға камералдық бақылау нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданылды.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе сотқа Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12-бабына сәйкес, шағым жасауға құқылысыз.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Башагулов Е.
Тел 31-90-92.